

2025–2026 оқу жылына арналған СППС шеңберіндегі әлеуметтік педагогтың қызмет жоспары

Мақсаты:

Оқушылардың табысты әлеуметтенуіне, құқықтары мен мүдделерін қорғауға, құқық бұзушылықтың, қараусыздықтың және отбасылық қолайсыздықтың алдын алуға жағдай жасау.

Міндеттері:

1. «Қауіп тобындағы» оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету.
2. Отбасының әлеуметтік жағдайын диагностикалау.
3. Мектептің ата-аналармен, мамандармен және әлеуметтік қызметтермен өзара байланысын қамтамасыз ету.
4. Құқықтық, нашақорлыққа қарсы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған профилактикалық бағдарламаларды іске асыру.
5. Балалардың құқықтарын қорғау және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналар мен педагогтардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Қызметтің негізгі бағыттары

1. Диагностикалық жұмыс

Мектептің әлеуметтік төлқұжатын құрастыру.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізу.

«Қауіп тобындағы», қолайсыз және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды анықтау.

Сабаққа қатысу көрсеткіштері мен себептерін талдау.

2. Профилактикалық жұмыс

Өңгімелер, сынып сағаттары, акциялар өткізу («Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз», «Мейірімділік күші: зорлықсыз әлем», «Менің мектебім буллингке қарсы!»).

Профилактикалық іс-шараларға қатысу.

КДН және ЗП мамандарымен, психологпен, медицина қызметкерімен кездесулер ұйымдастыру.

Оқушылардың сабақтан тыс уақытындағы бос уақытын бақылау.

3. Жеке жұмыс

Оқушыларға, ата-аналарға, педагогтарға арналған жеке кеңестер өткізу.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған оқушыларды сүйемелдеу.

Сынып жетекшілерімен бірге отбасыларға бару.

4. Ақпараттық-ағартушылық қызмет

Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша ата-аналар жиналыстары мен дәрістер өткізу.

Ақпараттық бұрыштар мен жадынамалар дайындау (баланың құқықтары, тәуелділіктің алдын алу және т.б.).

5. Профилактика субъектілерімен өзара әрекеттесу

КДН және ЗП, қорғаншылық органдары, медицина мекемелерімен ынтымақтастық.

Мектептің профилактика кеңесі отырыстарына қатысу.

Мемлекеттік органдардың сұранысы бойынша ақпарат пен есеп беру.

6. Аналитикалық және есептік жұмыс

Әлеуметтік педагогтың құжаттамасын жүргізу.

Атқарылған жұмыс бойынша аналитикалық есептер дайындау.

БЕКІТЕМІН

Ш. Уәлиханов атындағы №8 орта мектеп
ҚР «Степногорск қаласының білім бөлімі»
АҚМОЛА облысы білім басқармасы
ММ басшысының м.а.

С.М. Журина

«___» _____ 2025–2026 жж.

Айларға бөлінген жұмыс жоспары

Ай	Негізгі іс-шаралар	Жұмыс формасы	Жауаптылар
Қыркүйек	Мектептің әлеуметтік төлқұжатын жаңарту. «Қауіп тобындағы» оқушыларды анықтау. «Менің мектебім буллингке қарсы» акциясы.	Диагностика, кеңес беру, акция	Әлеум. педагог, сынып жетекшілері, психолог, ТПШО
Қазан	Өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларға бару. Профилактика кеңесі отырысы. «Салауатты өмір салты» тақырыбында әңгіме. Ата-аналарға тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес беру.	Жеке жұмыс, сынып сағаттары, әңгіме	Әлеум. педагог, КДН және ЗП, ата-аналар комитеті, ТПШО
Қараша	«Қауіп тобындағы» оқушылардың қатысуы мен үлгеріміне мониторинг. «Біз зорлыққа қарсымыз» сынып сағаттары. Балалар құқығы күніне арналған материалдар дайындау.	Талдау, әңгіме, ақпараттық стендтер	Әлеум. педагог, психолог
Желтоқсан	«Қысқы демалыс — құқық бұзушылықсыз» сынып сағаты. Жеке профилактикалық әңгімелер. Профилактика кеңесі отырысы.	Сынып сағаттары, профилактика	Әлеум. педагог, ТПШО
Қаңтар	1-жартыжылдық жұмысының нәтижелерін талдау. «Қауіп тобындағы» отбасылар дерекқорын жаңарту. «Балаларды тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі» атты ата-аналар жиналысы.	Аналитикалық жұмыс, жиналыс	Әлеум. педагог, мектеп әкімшілігі
Ақпан	«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» акциясы. Зиянды әдеттердің алдын алу. Жасөспірімдерге жеке кеңес беру.	Интерактив, әңгіме, кеңес	Әлеум. педагог, медицина қызметкері, психолог
Наурыз	Құқықтық білім айлығы. «Зорлықсыз әлем» сурет байқауы. Ішкі есепте тұрған отбасыларға бару.	Байқау, жеке жұмыс	Әлеум. педагог, сынып жетекшілері
Сәуір	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. «Толеранттылық және өзгеге құрмет» сынып сағаты. Қорғаншылық органдарымен бірлескен жұмыс.	Ақпараттық- ағартушылық жұмыс	Әлеум. педагог, КДН және ЗП
Мамыр	Жыл бойғы СППС жұмысының қорытындысы. Жылдық аналитикалық есеп дайындау. «Қауіпсіз демалыс» тақырыбында әңгіме.	Есеп, әңгіме	Әлеум. педагог, мектеп әкімшілігі